

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2021 жылғы 17 тамызда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №24012 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№53

2021 жылғы 11 тамыз

**Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574  
«2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»  
шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

**ШЕШТІ:**

1. Облыстық мәслихаттың «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7816 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 349 081 383,6 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 43 452 769 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 8 663 374 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 229 579 мың теңге;

трансферттер түсімі – 296 735 661,6 мың теңге;

2) шығындар – 364 091 591,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 3 373 236,1 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 11 797 731 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 8 424 494,9 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 42 000 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 42 000 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -18 425 444 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 18 425 444 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 14 179 146 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 8 294 074,9 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 12 540 372,9 мың теңге.».

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан және республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін:»;

«1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;»;

«2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;»;

«3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;»;

«4) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;»;

«5) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомографтардың) құнын субсидиялауға;»;

«6) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;»;

«7) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізуге;»;

«8) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және олардың тұрғын үй төлемдеріне төлеуге;»;

«9) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;»;

«10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;»;

«11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;»;

«12) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;»;

«13) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;»;

«14) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;»;

«15) еңбек нарығын дамытуға;»;

«16) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;»;

«17) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;»;

«18) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

«19) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«20) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«21) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;»;

«22) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

«23) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«24) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«25) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«26) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«27) "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға;»;

«28) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

«29) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;»;

«30) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;»;

«31) медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізуге;»;

«32) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;»;

«33) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;»;

«34) салауатты өмір салтын насихаттауға;»;

«35) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;»;

«36) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға;»;

«37) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;»;

«38) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;»;

«39) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

«40) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

«41) "Ауыл-ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;»;

«42) Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерді салу және (немесе) реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;»;

«43) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;»;

«44) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;»;

«45) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;»;

«46) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға.»;

«Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.».

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. 2021 жылға арналған облыстық бюджетке Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан және республикалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін;»;

«1) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;»;

«2) облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;»;

«3) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;»;

«4) 2020 – 2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды іске асыруға;»;

«5) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге;»;

«Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.».

11-тармақ келесі мазмұндағы 12-4) тармақшасымен толықтырылсын:

«12-4) жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге;».

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2021 жылға арналған резерві 412 962 мың теңге сомасында бекітілсін.».

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымшасы осы шешімдегі жаңа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**А. Нугманов**

2021 жылғы 11 тамыздағы № 53  
Ақтөбе облыстық мәслихатының  
шешіміне қосымша

Ақтөбе облыстық мәслихатының  
2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574  
шешіміне 1-қосымша

**2021 жылға арналған облыстық бюджет**

санаты	сыныбы	ішкі сыныбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			<b>I. Кірістер</b>	<b>349 081 383,6</b>
<b>1</b>			<b>Салықтық түсімдер</b>	<b>43 452 769</b>
	01		Табыс салығы	18 267 993
		1	Корпоративтік табыс салығы	408 921
		2	Жеке табыс салығы	17 859 072
	03		Әлеуметтік салық	16 252 399
		1	Әлеуметтік салық	16 252 399
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	8 932 377
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 566 027
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	366 350
<b>2</b>			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>8 663 374</b>
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 042 447
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	198 358
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	30 005
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 814 084
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 633 962
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 633 962
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 986 965
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 986 965
<b>3</b>			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>229 579</b>
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	229 579
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	229 579

4		<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>296 735 661,6</b>	
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер		
			74 135 009,6	
	2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	74 135 009,6	
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		
			222 600 652	
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	222 600 652

Функ. топ	Кіші функция	Әкімші	Бағдарлама	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)		
1	2	3	4	5	6		
<b>01</b>	1	110	001	<b>II. Шығындар</b>	<b>364 091 591,5</b>		
				<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>3 703 423,1</b>		
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 077 710		
				Облыс мәслихатының аппараты	81 001		
				Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	80 649		
				Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	352		
				120	001	Облыс әкімінің аппараты	1 619 084
				001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	948 891	
				004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 898	
				007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	378 531	
	009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	260 503				
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	8 261				
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	121 838				
	075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	121 838				
	282	Облыстың тексеру комиссиясы	255 787				
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	255 787				
	2	257	001	Қаржылық қызмет	779 224,1		
				Облыстың қаржы басқармасы	709 953		
				001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	165 936	
				009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 230	
				013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 647	
113				Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	540 140		
718				Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	69 271,1		
001				Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 994		
003				Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 277,1		
5				258	003	Жоспарлау және статистикалық қызмет	200 029
	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	200 029					

		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер					
								172 029
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары					7 000
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау					21 000
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер					646 460
		269	Облыстың дін істері басқармасы					215 551
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер					148 498
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары					6 850
		004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары					6 850
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау					53 353
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы					430 909
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту					430 909
			<b>Қорғаныс</b>					<b>2 258 186,9</b>
02	1		Әскери мұқтаждар					246 968
		120	Облыс әкімінің аппараты					246 968
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар					48 253
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс					198 715
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру					2 011 218,9
		120	Облыс әкімінің аппараты					64 734
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру					24 918
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою					39 816
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы					1 151 656
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары					741 048
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою					410 608
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы					794 828,9
		010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту					790 228,9
		016	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу					4 600
			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>					<b>9 230 948,3</b>
03	1		Құқық қорғау қызметі					9 230 948,3
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы					9 220 948,3



04	1	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 830 470
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 130
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 388 348,3
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	10 000
		005	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	10 000
			<b>Білім беру</b>	<b>157 243 420,5</b>
			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	20 670 621
		261	Облыстың білім басқармасы	20 670 621
		081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	6 516 846
		202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	14 153 775
		2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	115 327 249,6
		261	Облыстың білім басқармасы	105 063 014,4
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 126 900,6
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	997 999,8
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	4 037 029
		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	65 429 183
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	32 471 902
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 544 986
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 096 385
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	448 601
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 719 249,2
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5 384 265,5
		4	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	334 983,7
	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	8 573 060		
253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	524 048		
043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	524 048		
261	Облыстың білім басқармасы	8 047 012		
024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 047 012		
288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 000		
099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 000		

5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	2 258 926
	120	Облыс әкімінің аппараты	5 300
	019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 300
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	54 219
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	54 219
	261	Облыстың білім басқармасы	2 199 407
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	2 199 407
6		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	457 691
	261	Облыстың білім басқармасы	457 691
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	457 691
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	9 955 872,9
	261	Облыстың білім басқармасы	9 955 872,9
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	682 571
	004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін акпараттандыру	35 642
	005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 751 616
	007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	233 193
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	642 638
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	263 224
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 535
	019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	34 000
	029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	929 927
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 991 379,9
	080	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	120 049
	086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	5 318

05	2	087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	264 780		
		<b>Денсаулық сақтау</b>			<b>8 370 176,3</b>	
		253	Халықтың денсаулығын қорғау		2 868 524,2	
			Облыстың денсаулық сақтау басқармасы		873 559	
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	185 772	
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	32 477	
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	200 015	
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	614	
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	454 681	
			288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 994 965,2	
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 994 965,2	
			3	Мамандандырылған медициналық көмек		1 956 124
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 956 124	
		5	027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 956 124	
			253	Медициналық көмектің басқа түрлері		65 662
				Облыстың денсаулық сақтау басқармасы		65 662
		9	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	65 662	
			253	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер		3 479 866,1
				Облыстың денсаулық сақтау басқармасы		3 479 866,1
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	132 702	
		06	1	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	82 178
				016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	43 751
				018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	66 783
023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау			75 000		
030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары			1 000		
033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары			3 078 452,1		
<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>				<b>12 480 257,7</b>		
Әлеуметтік қамсыздандыру			2 006 985,3			

	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 221 511
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	506 322
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	715 189
	261	Облыстың білім басқармасы	430 288
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	272 883
	092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	157 405
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	355 186,3
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	355 186,3
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	10 473 272,4
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	10 316 934,4
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	166 318
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110 957
	018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	133 155,4
	044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 596
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	219 259
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	9 682 649
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	51 822
	077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	51 822
	270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	104 516
	001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	103 516
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
07		<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>14 492 526,3</b>
	2	Коммуналдық шаруашылық	14 492 526,3

08	1	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	14 492 526,3	
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		
				194 411,5	
		004	Елді мекендерді газдандыру	436 597,2	
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000	
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	412 903	
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 902 333,6	
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	10 545 281	
				<b>11 897 386</b>	
				<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	
				Мәдениет саласындағы қызмет	2 401 370
			273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 159 100
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	395 570
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	72 948
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	659 235
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 031 347
			288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	242 270
			027	Мәдениет объектілерін дамыту	242 270
			2	Спорт	5 940 141,4
			285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	5 124 408
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 347
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	53 112
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	4 549 696
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	461 253
			288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	815 733,4
			024	Спорт объектілерін дамыту	815 733,4
			3	Ақпараттық кеңістік	1 880 530,6
			263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	526 500
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	526 500
			264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	119 521
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 012

		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	34 050
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	195
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	264
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	456 151
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	266 255
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	189 896
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	778 358,6
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	765 470
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 888,6
4			Туризм	11 266
	275		Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	11 266
		009	Туристік қызметті реттеу	11 266
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 664 078
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	159 958
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	158 728
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	230
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 252 472
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	86 232
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 123
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	456 626
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	705 491
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	251 648
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	133 088
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	110 782
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 778
09			<b>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</b>	<b>6 309 479,3</b>
	1		Отын және энергетика	687 654
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	687 654

10	9	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	687 654	
		279	Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	5 621 825,3	
			Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 621 825,3	
	1	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	5 621 825,3	
		<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>			<b>28 277 396</b>
		255	Ауыл шаруашылығы	24 041 258	
			Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	22 539 320	
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	193 529	
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	350 000	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 735	
		008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	545 821	
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	3 500	
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	600	
		019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	10 000	
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	25 346	
046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	4 082			
047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	323 724			
050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	4 331 600			
051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	250 000			
053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	13 772 224			
055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	22 632			

	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 186 342
	057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	337 185
	059	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау	6 000
	060	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	70 000
	061	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау	103 000
719		Облыстың ветеринария басқармасы	1 437 795
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	150 669
	008	Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету	44 992
	009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	24 758
	010	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	48 148
	011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	90 166
	013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	172 438
	014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	874 459
	028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	2 196
	030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	29 969
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	64 143
	020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	64 143



11	2		Су шаруашылығы	137 448
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	137 448
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	137 448
	3		Орман шаруашылығы	896 604
		254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	896 604
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	887 604
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	9 000
	5		Қоршаған ортаны қорғау	2 508 264
		254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	540 562
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70 339
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	48 194
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	1 000
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	421 029
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 967 702
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	1 967 702
	6		Жер қатынастары	93 822
		725	Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	93 822
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 363
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 459
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	600 000
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	600 000	
	035	Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру	600 000	
		<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	<b>19 087 234,7</b>	
	2	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	19 087 234,7	
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	19 019 922,7	
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	118 318	
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 000	
	004	Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	30 000	
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	892 762	

12	1	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	17 975 842,7
		724	Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы	67 312
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 022
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 290
			<b>Көлік және коммуникация</b>	<b>23 127 145</b>
			Автомобиль көлігі	8 849 939
		268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	8 849 939
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	4 078 955
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	828 812
		028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	3 942 172
		9	Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	14 277 206
		268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	14 277 206
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 976
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	390 512
13	1	011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 567
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	9 361 027
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	4 442 124
			<b>Басқалар</b>	<b>16 574 719</b>
			Экономикалық қызметтерді реттеу	2 450
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 450
		040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту	2 450
		3	Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	9 155 915
		275	Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	8 016 023
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	81 470
003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 305		
005	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	119 000		
008	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	4 553 435		

	015	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	3 238 813
	082	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	21 000
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 139 892
	051	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	1 139 892
9		Басқалар	7 416 354
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 489 704
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 489 704
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	205 864
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	205 864
257		Облыстың қаржы басқармасы	412 962
	012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	412 962
258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	105 000
	003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	105 000
261		Облыстың білім басқармасы	915 940
	079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	753 265
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	162 675
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	116 653
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	116 653
280		Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	211 746
	001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 683
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 450

		005	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	117 613
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 280 428
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 280 428
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 678 057
		093	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	1 678 057
<b>14</b>			<b>Борышқа қызмет көрсету</b>	<b>1 959 491</b>
	1		Борышқа қызмет көрсету	1 959 491
		257	Облыстың қаржы басқармасы	1 959 491
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	1 954 999
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	4 492
<b>15</b>			<b>Трансферттер</b>	<b>49 079 801,4</b>
	1		Трансферттер	49 079 801,4
		257	Облыстың қаржы басқармасы	49 079 801,4
		007	Субвенциялар	38 232 000
		011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	184 113,1
		017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	82 993,9
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	10 112 297
		029	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	468 397,4
			<b>III. Таза бюджеттік кредит беру</b>	<b>3 373 236,1</b>
			<b>Бюджеттік кредиттер</b>	<b>11 797 731</b>
<b>07</b>			<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>5 490 804</b>
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	5 490 804
		279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 009 200
		087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	1 009 200
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 481 604

10	1	255	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	4 481 604	
			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>			<b>4 090 815</b>
			Ауыл шаруашылығы			3 293 199
			Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы			3 293 199
13	9	258	037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	3 293 199	
			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер			797 616
			Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы			797 616
			007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	797 616	
			<b>Басқалар</b>			<b>2 216 112</b>
			3	255	076	Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау
Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы						1 300 000
Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларға кредит беру						1 300 000
Облыстың кәсіпкерлік басқармасы						916 112
		275	069	Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	916 112	

сана ты	сыныбы	ішкі сыныбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
5	01	1	<b>Бюджеттік кредиттерді өтеу</b>	<b>8 424 494,9</b>
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	8 424 494,9
			Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	8 424 491
			Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	3,9

Функ. топ	Кіші функция	Әкімші	Бағдарлама	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
7	1	255		<b>IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо</b>	<b>42 000</b>
				Қаржы активтерін сатып алу	42 000
				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	42 000
				Тұрғын үй шаруашылығы	42 000
				Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	42 000

		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	42 000
			<b>V. Бюджет тапшылығы (профициті)</b>	<b>-18 425 444</b>
			<b>VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)</b>	<b>18 425 444</b>

сана ты	сыныбы	ішкі сыныбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
<b>7</b>	01		<b>Қарыздар түсімі</b>	<b>14 179 146</b>
		1	Мемлекеттік ішкі қарыздар	14 179 146
		2	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	6 863 019
			Қарыз алу келісім-шарттары	7 316 127

Функ. топ	Кіші функция	Әкімші	Бағдарлама	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
<b>16</b>	1			<b>Қарыздарды өтеу</b>	<b>8 294 074,9</b>
				Қарыздарды өтеу	8 294 074,9
		257		Облыстың қаржы басқармасы	8 294 074,9
			008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	5 600 000
			015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2 694 071
			018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	3,9

сана ты	сыныбы	ішкі сыныбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
<b>8</b>	01		<b>Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары</b>	<b>12 540 372,9</b>
		1	Бюджет қаражаты қалдықтары	12 540 372,9
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	12 540 372,9